




СПОРТ ҮЙРМЕСІ ҚОЛЖЕТИМДІ МЕ?

6-БЕТ | ҚАЛА МЕН САЛА



СУДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК САҚТАЛА МА?

7-БЕТ | ӘЛЕУМЕТ



ҚОБЫЗДЫ ЖАҢҒЫРТҚАН КОМПОЗИТОР

8-БЕТ | РУХАНИЯТ



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметі бойынша коронавирус жұқтырғандар көбейіп келеді. Соңғы екі аптада науқастардың саны 30 пайызға артқан. Біздің елде де ахуал күрделене түсті. Негізгі себеп – тұрғындар мен дәрігерлердің қауіпсіздік шараларын сақтамауы. Мекемеаралық комиссияның жұмысын күшейту қажет. Сондай-ақ ревакцинация науқанын жандандырған жөн. Бұл жұмыста ешқандай асыра сілтеу болмауы керек.

№89
(4367)
Сенбі
30 шілде
2022 жыл



ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



КӨПБАЛАЛЫ ОТБАСЫЛАР ҚУАНЫШЫ

Астанада үй кезегінде тұрған жалдамалы пәтерге қол жеткізгендердің тізімі шықты.

18-24 маусым аралығында «көпбалалы отбасылар» санаты бойынша осы іріктеуге өтінімдер қабылданған болатын. 2, 3 бөлмелі барлығы 124 пәтер берілетін болды. Бұл баспана сатып алу құқығынсыз жалға беріледі. Бағдарламаға өткендер мен өтпегендердің аты-жөні әкімдіктің сайтында жарияланды. Бағдарлама бойынша өткендердің бәріне жақын арада Тұрғын үй орталығының қызметкерлері хабарласып, әрі қарай не істеу керектігін айтады.

ЖАСТАРҒА ЖҰМЫС ҰСЫНАДЫ

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің Жастар сарайы аумағында 4 тамызда бос жұмыс орындар жәрмеңкесі өтеді.

Сол күні сағат 10.00-ден 13.00-ге дейін жұмыс берушілердің ұсынылған бос жұмыс орындарына жұмыссыз азаматтарды жұмысқа орналастыру мақсатында жалпы қалалық бос жұмыс орындар жәрмеңкесі өткізіледі. Жәрмеңкеге 50-ден астам жұмыс беруші қатысады. Жұмыс іздеп жүрген азаматтар жәрмеңкеге қатысуға шақырылады.



«МЕКТЕПКЕ ЖОЛ» – МЕЙІРІМДІЛІК АКЦИЯСЫ

Жыл сайын елордада «Мектепке жол» акциясы аясында демеушілер мен қайырымды жандардың қолдауы арқасында оқушыларға мектеп формасы, оқу құралдары түрінде, сонымен қатар қаржылай көмек көрсетіледі. Биыл шара Балалар жылы аясында өтетіндіктен, жиналатын қаржы көлемі де қомақты әрі қамтылатын оқушылар саны да артып отыр. Кеше қаламызда қайырымдылық жасау үшін жылжымалы пункттер құрылып, жұмысын бастады.

2

ТЕГІН ЖАТТЫҒУҒА КЕЛІҢІЗ



Бас қалада «Қолжетімді спорт» жобасы аясында тұрғындар үшін спорттың бес түрінен жаттығу тегін өтеді.

Атап айтқанда, елордалықтар фитнес/йогамен, скандинавиялық жүріспен, үстел теннисімен және каратэмен айналыса алады. Жаттығудың бәрі астаналықтар үшін тегін өтеді. Спорт жаттығулары аптасына 2 рет қала саябақтарында өткізіліп, оған қатысушылармен білікті жаттықтырушылар айналысады. Фитнес, жү-

гіру, каратэ және скандинавиялық серуендеу жаттығуларына тіркелудің қажеті жоқ, белгіленген уақытта кесте бойынша келуге болады. Үстел теннисінен сабақ залда өтеді, сондықтан +77076184343 нөміріне тіркелу қажет. Жаттығу кестесін Instagram желісіндегі @dostupny_sport_kz парақшасынан көре аласыздар.



ELORDA.INFO САУАЛНАМАСЫ

ЕЛОРДАДАҒЫ ЖЕМІС-ЖИДЕКТЕР МЕН КӨКӨНІСТЕРДІҢ ҚАЗІРГІ БАҒАСЫ ҚАНШАЛЫҚТЫ ҚОЛЖЕТИМДІ?

57% Қолжетімді емес, баға үнемі өсуде

33% Қымбат болса да, сатып алуға тура келеді

10% Бағасын қалтамыз көтереді

0% Өз жауап нұсқаңыз (комментарий)

Elorda.info ақпараттық порталы жүргізген әлеуметтік сауалнама нәтижесі.



ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 486.01 \$ USD/KZT 478.78 ₰ RUB/KZT 7.97 ¥ CNY/KZT 70.96

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz

№89 (4367) 30/07/2022 Сенбі



ПРЕЗИДЕНТКЕ МӘЛІМЕТ БЕРДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Премьер-министрдің орынбасары Ералы Тоғжановты қабылдады. Президентке Халықтың табысын арттыру бағдарламасының жүзеге асырылу барысы туралы мәлімет берілді.

Ералы Тоғжанов Қасым-Жомарт Тоқаевқа бірінші жартыжылдықтың қорытындысы бойынша бағдарлама шаралары аясында бюджет саласындағы 850 мың қызметкердің, квази-сектордың өндірістік бағытында жұмыс істейтін 240 мың және бизнес құрылымдарындағы 1,2 миллион еңбеккердің жақысы өскенін баяндады.

Президентке Үкіметтің барлық әлеуметтік міндеттемелерді орындау бағытындағы іс-шаралары туралы айтылды. Жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, табысы жоқ азаматтардың экономикаға әлеуметтік тұрғыдан жұмылдырылуына қатысты кешенді шаралар атқарылып жатыр. Бұл ретте оларға жұмыс орындары ашылты, жаңа кәсіп түрлерін меңгеру үшін біліктіліктерін арттыруға мүмкіндік жасалуда.

Үкімет басшысы орынбасарының айтуынша, 2025 жылға дейінгі инвестициялық жобаларды жүзеге асыру аясында 2 миллионнан астам жұмыс орнын ашу жоспарланған. Оның 444 мыңы биыл ашылады. 1 шілдедегі мәлімет бойынша 249 мың адам жұмыспен қамтылған. Бұл жылдық жоспардың 56 пайызына сәйкес келеді. Әкімдіктермен бірлесіп, өңдеу өнеркәсібі, мұнай-газ химиясы салаларында және аграрлық секторда 2025 жылға дейінгі инвестициялық жобалар пулы жасақталған. Бұл тізімде 266 мыңнан астам адамды жұмыспен қамтитын 847-ге жуық жоба бар.

Сонымен қатар Мемлекет басшысына «Жастар тағлымдамасы» және «Алғашқы жұмыс орны» жобалары бойынша тағлымдамадан

өту мерзімін ұзарту, еңбекақы көлемін арттыру және жастардың жаңа бизнес-идеяларын жүзеге асыруға бөлінетін гранттардың көлемін өсіру жөнінде баяндалды. Халықтың әлеуметтік жағдайы төмен топтарына жататын азаматтардың тұрақты табыс табуы үшін жағдай жасалуда және әйелдерді жұмыспен қамту тетігі әзірленді.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы халықтың табысын арттырудың маңыздылығын және мұның ұлттық жобаларда көзделген мақсаттарға қол жеткізуге тікелей байланысты екенін атап өтті. Үкіметке аталған мәселелерді ерекше бақылауда ұстау тапсырылды. Президент азаматтардың табысын арттыру жұмыстары барлық орталық және жергілікті атқару органдары үшін басты міндет болуға тиіс деп санайды.

ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАНДАР ЖҰМЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты Андрей Лукин Нұр-Сұлтан қаласындағы азаматтарға әлеуметтік қолдау көрсету орталықтарын аралады.



Ол «Шарапат» және «Жансая» әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарының, қарттарға, мүгедектерге және ерекше қажеттілігі бар балаларға арналған оңалту орталығының,

«Жанұя» отбасы институтын қолдау орталығының және тағы басқа ұжымдармен кездесті. Бұл орталықтардың мақсаты – өмірде қиын жағдайға тап болған әрбір азаматқа,

отбасына психологиялық, әлеуметтік және заңгерлік көмек көрсету, сондай-ақ жан-жақты қолдау жасау.

Ұйымдар сонымен қатар көпбалалы, толық емес және аз қамтылған отбасыларға, ерекше қажеттілігі бар балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналарға, егде жастағы адамдарға, белгілі тұрғылықты жері жоқ адамдарға қолдау көрсетеді.

«Қоғамның әлеуметтік жағдайын реттеу – мемлекеттің әлеуметтік саясатының негізгі бағытының бірі. Сондықтан елордада әлеуметтік топтар арасындағы қарым-қатынасты қолдау және жалпы қоғамның әл-ауқаты мен өмір сүру деңгейін арттыру мақсатында көмекке мұқтаж адамдарға әлеуметтік қызмет көрсетуді қолдау орталықтары ашылды» деп атап өтті Андрей Лукин.

Сенатор кездесу соңында өткізілген шаралар үшін алғысы айтып, жұмыстарының табысты болуына тілектестігін білдірді.

АУДАН ӘКІМДЕРІНІҢ САЙЛАУЫ ӨТЕДІ

Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин елімізде әкімдерді сайлауға байланысты реформалардың қалай жүзеге асып жатқаны туралы айтты.

«Бір жыл бұрын Қазақстанда ауыл әкімдерін тікелей сайлау тетігі жұмыс істей бастады. Өткен жылдың шілде айынан бастап 1093 ауылдық елді мекеннің басшылары сайланды. Олардың 215-і өзін-өзі ұсынса, 116-сы – қайта сайланған бұрынғы басшы әйелдер» деп жазды Ерлан Қарин өзінің Telegram-каналында.

Ауыл әкімдерінің корпусы 55,6 пайызға жаңартылды, яғни олар – 608 ауылдың жаңа басшылары.

«Олардың басым бөлігі

бұрын-соңды мемлекеттік қызметте жұмыс істемеген. Ауыл тұрғындарының қолдауына мұғалімдер, дәрігерлер, бизнесмендер, жергілікті кәсіпорындар мен шаруа қожалықтарының басшылары ие болды. Жаңа әкімдердің басым бөлігі Маңғыстау – 77,8% (18-ден 14), Қарағанды – 77,2% (79-дан 61) және Жамбыл – 71% (72-ден 51) облыстарынан сайланды» деді Ерлан Қарин.

Мемлекеттік кеңесші осы

жексенбі, 31 шілдеде 27 ауылдық округте сайлау өтетінін, ал жыл соңына дейін тағы 214 ауыл басшысы сайланатынын мәлім етті.

«2023 және 2024 жылдарға 1037 ауылдық округте сайлау жоспарланған. Жақын арада аудан әкімдерінің тікелей сайлауын өткізу жоспарланып отыр. Бұдан басқа, жаңа конституциялық реформаға сәйкес, облыс әкімдері бүгін өңірлік мәслихаттар депутаттарының дауыс беру нәтижелері бойынша тағайындалды. Осылайша, елдің саяси жүйесі дәйекті түрде өзгеруде, демократияның жаңа құралдары мемлекеттік басқаруға енгізіліп жатыр» деді ол.

«МЕКТЕПКЕ ЖОЛ» – МЕЙІРІМДІЛІК АКЦИЯСЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

Нұр-Сұлтан қаласы Байқоңыр ауданының әкімі Ерлан Жаулыбаев пен қалалық мәслихат хатшысы Ерлан Каналимов «Мектепке

керек. Мектептердегі әлеуметтік педагогтар тізімді аудан әкімдігіне жолдайды. Өткен жылы аталған акция аясында 750-ден астам бала қамтылса, биыл аудан әкімдігі 1000-ға жуық баланы қамтуды жоспарлап отыр.

– Республикалық «Мектепке жол» акциясы әлеуметтік

болады. Әлеуметтік педагогтарға адамдардың өтінімі негізінде аудан әкімдігі оларға қажетті заттарды бере алады. Біздің бастамамызды қаладағы басқа аудан әкімдіктері мен басқармалар, елордалық тұрғындар қолдайды деп сенемін, – деді Байқоңыр ауданының әкімі Ерлан Жаулыбаев.

Жақсы дәстүр жалғасын тапты. Байқоңыр ауданы әкімі аппараты «Әлем», «Жаннұр» және «Аймақтау» СҰ жанында «Мектепке жол-2022» брендтелген қайырымдылық үйшіктерін орнатты. Әсіресе мұқтаж отбасыларға көмектесу үшін рюкзак пен мектепке қажетті керек-жарақты әкелетін мейірімді адамдар жылдан-жылға көбейіп келе жатқанын ерекше атап өткізіп келеді. Бүгін бұл үйшіктер Байқоңыр ауданының әкімі мен Нұр-Сұлтан қаласы мәслихаты хатшысының оқуға қажетті құрал-жабдықтарымен толықтырылды.

Акция 30 қыркүйекке дейін жалғасады және оған үлесін қосқысы келетін әрбір мейірімді жан аптаның кез келген күні жоғарыда аталған сауда үйлерінің жанында орналасқан қайырымдылық үйшіктеріне тәулік бойы өз көмегін қалдыра алады.



жол-2022» қайырымдылық акциясын салтанатты түрде ашық деп жариялады. Акция жаңа оқу жылына дайындық кезеңінде халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан балаларға көмек көрсетуге бағытталған. Акцияға қатысу үшін мұқтаж ата-аналар өз мектебінің әлеуметтік педагогтарына жүгінуі

жағынан аз қорғалған отбасыларға арналған. Қаламыздың Байқоңыр ауданында басталған бұл шара қыркүйектің 30-ына дейін жалғасады. Аудан бойынша осындай қайырымдылық үйшіктері үш жерде орнатылған, қайырымдылық жасаушы жандар мектепке қажет киімдер мен сөмке, кеңсе құралдарын әкелуіне

ҚАҢТ КЕШІКПЕЙ ЖЕТКІЗІЛЕДІ

Ауыл шаруашылығы министрлігінде Сауда және интеграция министрлігі, Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігі және Қоғамдық тамақтану қауымдастығы өкілдерінің қатысуымен бизнес субъектілерін қанттың қажетті көлемімен қамтамасыз ету мәселелері бойынша кездесу өтті.

Жиынға Ауыл шаруашылығы министрінің орынбасары Жеңіс Әсербай, Сауда және интеграция министрлігі Сауда комитетінің төрағасы Ержан Қазанбаев, сондай-ақ қауымдастық төрағасының кеңесшісі Вероника Нұрпейісова қатысты.

27 шілдеде Қоғамдық тамақтану қауымдастығы қантпен қамтамасыз етудегі қиындықтарға байланысты қоғамдық тамақтану кәсіпорындарының банкротқа ұшырауы мүмкін екенін мәлімдеген болатын.

Талқылау қорытындысы бойынша шағын және орта бизнесті қосымша қолдау және қоғамдық тамақтану нысандарының индустриялық қант қажеттілігін толық қамтамасыз ету туралы шешім қабылданды. Қоғамдық тамақтану нысандарына басымдық бере отырып, қант жеткізуді ұйымдастыру үшін бүгінде оларға қажетті қант көлемі айқындалатын болады.

Бірінші кезеңде халық саны неғұрлым көп үш аймаққа мың тоннадан астам қант жеткізіледі.

«Ауыл шаруашылығы министрлігі қанттың қосымша көлемін Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларына жөнелтеді. Осы қалалардағы шағын бизнес өкілдері қанттың қажетті көлемін ала алады. Сондай-ақ қауымдастық басқа қалалар бойынша тізім жасап, қажетті қант көлемін есептейді. Бұл орайда қауымдастық пен әкімдіктер аталған қантты беру алгоритмін әзірлейді» деді жиын соңында Жеңіс Әсербай.

ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

Анголаның солтүстік-шығысында салмағы 170 карат болатын алқызыл алмаз табылды.

Бұл әлемде соңғы 300 жылда кездескен ең ірі алқызыл алмаз болғалы тұр. Асыл тас осы елдегі Луло кенінен алынған. Оның нақты салмағы қырылап, тегістеген соң белгілі болмақ. Бұл – осы кеніштен табылған салмағы 100 караттан асатын бесінші алмаз. Дәл осы шахтада бұған дейін салмағы 404 карат болатын ірі гауһар тас шыққан еді.



Америкалық ғарышкер Базз Олдриннің сырт киімі Сотбис аукцион үйінде рекордтық 2 млн 800 мың долларға сатылды.

Ғарышкер 1969 жылы «Аполлон-11»-мен Айға сәтті қонғанда дәл осы киімде болған. Жоғары сапалы, отқа төзімді матадан жасалған күртешеді НАСА-ның логотипі мен астронавтың есімі тігілген. «Аполлон-11» экипажындағы басқа мүшелердің киімдері Вашингтондағы Авиация және ғарыш ұлттық мұражайында сақталған.



Хорватия Адриатика теңізінде бөлініп тұрған Пелешац түбегін байланыстыратын көпірді салып бітірді.

Өткел ашылғанға дейін жергілікті тұрғындар мен туристер түбекке шекараны кесіп, Босния және Герцеговина аумағы арқылы немесе осы елді кемемен айналып баратын еді. Себебі 1991 жылы Югославия тараған соң бұл түбек Хорватияның негізгі аумағынан бөлініп қалған еді. Енді хорваттар жаңа көпірмен тікелей қатынайтын болды.

ӘСКЕРИ ЖИЫНДАР БАСТАЛДЫ

ҚР Қорғаныс министрінің бұйрығына сәйкес, елімізде әскери міндетті азаматтардың жиыны басталды.

Жиынға барлығы 1500 адамды шақыру жоспарланып отыр. Аталған оқу-жаттығу жиыны әскери міндеттілердің білімі мен дағдыларын пысықтау, жетілдіру, сондай-ақ әскери даярлықтан өткен резервті толықтыру мақсатында ұйымдастырылуда.

«Астаналық 25 азамат қыркүйек айында жиынға қатысу үшін С.Нұрмағамбетов атындағы ҚР ҚК Құрлық әскерлері институты мен ҚР ҚМ Радиоэлектроника және байланыс әскери-инженерлік институтына аттанатын болады. Естеріңізге сала кетсек, осы жылдың маусым айында Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің қаулысы бойынша аумақтық қорғаныс істері



бойынша әскери жиын өтіп, оған запастағы офицерлер, сержанттар мен сарбаздар шақырылған болатын. Мұның бәрі – еліміздің қорғаныс қабілетін нығайта түсуге бағыт-

талған шаралар» дейді Нұр-Сұлтан қаласы Қорғаныс істері жөніндегі департаментінің өкілі, полковник Ғани Артықов.

Әбубәкір СМАЙЫЛОВ

АТ СПОРТЫ КЕШЕНІ АШЫЛАДЫ

Нұр-Сұлтанда қыркүйек айында елорда тұрғындары мен қала қонақтары үшін иппотерапия әдісімен мүмкіндігі шектеулі балаларды оңалтуға арналған жаңа ат спорты кешені ашылады. Бұл туралы Нұр-Сұлтан қалалық мәслихатының хатшысы Ерлан Каналимов мәлім етті.

«Мұнда төбесі жабылған манеж, ашық трибуналар, конкурс және жаттығуларға арналған алаңдар салынып жатыр. Әріптестеріммен бірге бүгін құрылыс барысымен танысып қайттым. Емдеу кабинеттері, олардың жабдықталуына ерекше назар аудару қажеттігін ескерттім. Сонымен қатар иппотерапиямен ем қабылдаушыларға барынша жағдай жасау үшін қосымша кеңейтілген оңалту орталығын ашу қажеттігі де назардан тыс қалмады» деп жазды Е.Каналимов өзінің әлеуметтік желідегі парақшасында. Оның айтуынша, елордада мұндай ем-домға шамамен екі мыңға жуық адам мұқтаж. Бұл әдістің елімізде тиімділігі дәлелденіп, оң нәтиже беріп отыр.



РӘМІЗДЕР МЕРЕЙТОЙЫ



Ұлттық академиялық кітапханада Мемлекеттік рәміздердің 30 жылдығы мен Балалар жылына орай мектеп оқушылары арасында «Рәміздер – ар ожданым, айбыным!» атты онлайн-байқау өтті.

Геральдикалық зерттеулер орталығы ұйымдастырған байқауға Қазақстанның түкпір-түкпірінен 50-ге жуық өтінші келіп түсті.

Байқау қорытындысында шығысқазақстандық Инауат Пазылбек топ жарды. Сонымен қатар, ерекше көзге түскен 5

оқушы ынталандыру сыйлығына ие болды. Мемлекеттік рәміздерімізді ұлықтауға арналған игі шара аясында «Мен қазақтың өтінші келіп түсті. Айтыс үздіктеріне алғыс хат пен 100 мың теңгелік сертификат табысталды. Баян АСЫЛБЕКОВА

ЕСТЕН ТАНДЫРҒАН ЕСІРТКІ

Ұлттық қауіпсіздік комитеті есірткі арнасын жою үшін арнайы операция өткізді.

26 шілдеде ҰҚК Нұр-Сұлтан қаласы бойынша департаменті аса ірі көлемдегі психотропты заттарды сатуға қатысы бар күдікті – А. есімді елорда тұрғынын ұстады.

Процессуалдық шара барысында заң-

сыз айналымнан 1,5 кг «мефедрон», 1,4 кг «альфа-РVP» және 659 таблетка МДМА («экстази» деп айтылады) тәркіленді.

Тергеу барысында оның елді есінен тандыратын есірткіні астанамамыздың орталығында жалдамалы пәтерде орап,

интернет арқылы тұрақты түрде сатып келгенін анықтады. Аталған факті бойынша ҚР ҚК 297-бабы 3-бөлігі бойынша тергеу жүріп жатыр. Бұл бап бойынша 15 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылған. Ұлттық қауіпсіздік комитеті есірткі және психотроптық заттарды заңсыз таратуға қарсы жұмысты жалғастырады.

Израильдің Хайфа қаласының маңындағы теңіз түбінен Римнің Ай құдайы мен шаян жұлдызнамасының белгісі бейнеленген 1850 жылдық сирек кездесетін қола монета табылды.

Археологтар император Антонин Пийдің (б.з.д. 138-161 жылдар) Александрияда соғылған Рим дәуірінің өте жақсы сақталған монетасын көрсетті. Монетада 144/145 жж. Антонин Пий билігінің сегізінші жылын білдіретін «Сегізінші жыл» күні бейнеленген.



Франция астанасында маймыл шешегіне қарсы екпе салатын алғашқы орталық ашылды.

Елде 1800-ге жуық адам вирус жұқтырған. Олардың басым көпшілігі – Париж тұрғындары. Билік өкілдері екпе жеткілікті екенін айтады. Бірақ бірінші кезекте кеселді жұқтыру қаупі жоғары топтарға ғана салынады. Науқастардың ауруы көбіне ешқандай асқынусыз өтеді. Қайтыс болғандар жоқ. Барлық жағдайда науқастардың 3 аптаға оқшаулануы міндеттелген.

ӘЛЕУМЕТ САУАЛЫ – ӘКІМ ЖАУАБЫ

– Елордада балалар мен ересектерді бұқаралық спортқа жұмылдыру үшін қандай жұмыс жүргізілуде?

Алтай КӨЛГІНОВ, Нұр-Сұлтан қаласының әкімі:

– Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, балалар мен ересектерді бұқаралық спортқа жұмылдыру үшін тиісті жағдай жасау бойынша жұмыс істейміз, балалар мен жасөспірімдер спорттың федерацияны қолдаймыз. Балалар мен жасөспірімдер спортын дамыту, жаттықтырушыларды даярлау, салауатты өмір салтын насихаттау проблемалары – қашан да біздің басты назарымызда. Мәселен, қалада үлкен теннистен оқу-жат-

тығу сабақтары өтетін 5 спорт орталығы, сол сияқты инклюзивті топ бар. Осыған дейін спортшыларға арнап бас-аяғы 115 грант бөлінді. Грант саны көбейтіледі, сондай-ақ қажетті жабдықтармен көмектесуді жалғастырамыз. Әкімдік тарапынан көрсетілген қолдау шараларының нәтижелері жаман емес, айталық, осы жылдың 5 айында тәрбиеленушілер халықаралық және республикалық турнирлерде бас-аяғы 35 медаль жеңіп алды.

АЛЛО, «АСТАНА АҚШАМЫ»!

Жанар БЕЙСЕМБИНА, елорда тұрғыны:

– Қаламызда, жалпы елімізде азық-түлік өнімдері мен басқа да қызметтер бағасы күннен-күнге қымбаттауда. Осыған орай, бағаны шектен асырған кәсіпкерлер қандай жауапкершілікке тартылады?

Оқырман сауалына Нұр-Сұлтан қаласы Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасының бастығы Ержан БАЛТАЕВ жауап береді:

– Нұр-Сұлтан қаласында тұрғын үйлер жанында істейтін 1 мыңнан астам дүкенде азық-түлік бағасы тексерілді. Елорданың Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы апта сайын үй жанындағы дүкендердің әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасына мониторинг жүргізеді. Мониторинг барысында 1 мыңнан астам дүкен қамтылып, нәтижесінде бағаның сауда үстемесінен асып кетуі, көкөніс пен сүт өнімдерін сақтау талаптарының сақталмауы анықталды. «Сауда қызметін реттеу

туралы» ҚР заңына сәйкес, кәсіпкер тауарға баға белгісінің болуын және шекті сауда үстемесінің сақталуын қамтамасыз етуге міндетті. Баға белгілерінің болмауы және сауда үстемесінің 15 пайыздан асып кеткені үшін кәсіпкер әкімшілік жауапкершілікке тартылады. Сол сияқты үй жанындағы дүкендердің иелері санитарлық нормаларды сақтауы қажет, оның ішінде тез бұзылатын өнімдерді сақтау бойынша: тоназытқыш камераларын сөндірмеу, сүт өнімдері секторын стеллаждармен жабдықтау, ауаның төмен температурасы мен ылғалдылығын бақылау, сондай-ақ сауда-саттық кезінде белгілі бір жарық режимін сақтау. Коммуналдық төлемдерді үнемдеу елорда тұрғындарының денсаулығына қауіп төндірді.



БАЗАРДАҒЫ БАҒА ҚАНДАЙ?

29.07.2022		ELORDA.INFO			
ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗЫ БАР ТАУАРЛАР ТІЗБЕСІ		Астаналық базар	«Эм» базары	«Шығар» базары	«Шаран» базары
Бірінші сортты бидай ұны	335	260	230	200	
Бірінші сортты ұннан пісірілген нан	150	90	100	120	
Макарон өнімдері	450	230	360	350	
Қарақұмық жармасы	680	520	555	600	
Тазартылған күріш	480	405	410	420	
Картоп	250	240	220	200	
Сәбіз	300	222	190	180	
Пияз	330	320	320	250	
Қырыққабат	200	90	130	100	
Қант	850	470	650	700	
Күнбағыс майы	900	780	910	750	
Сыыр еті	2750	2550	2400	2500	
Тауық еті	1700	1300	1300	1150	
Пастерленген сүт	540	305	295	350	
Айран	350	305	310	310	
Сары май	420	605	3000	850	
Тауық жұмыртқасы	46	46	40	120	
Ас тұзы	80	52	80	60	
Сүзбе	950	280	1185	900	

Өткенге көз жүгіртіп, төңірегіндегі ағайын-туған, жора-жолдастарды сараласам, шүкір, арасында көңіліме тым жақын жандардың көп екенін байқаймын. Солардың ішінде айманбоздай тұлғасы алыстан аңғарылатын ағамыз Ерекеңнің, таралғысы алты қабат Еркін Сағындықұлының бейнесі оқшау көрінеді. Өкшесін басып, соңынан ілесіп келе жатқанымашырақ ғасыр уақыттан асыпты.

Үнемі іш тартып, кең пейіл, ашық көңілімен баурап алатын жайсаң кім-кімді де ыстық ықыласынан шығара қоймайды. Ара-арасында әзілдеп күлетіні де үйлесімді. Ол – сыртта жүрсе, жалпақ жұрттың тілін табатын, үйге келсе, ырыс-құттың ұйытқысына айналып, мерейінді асыратын марқасқалардың бірі. Ұзақ жыл «Егемен Қазақстан» газетінің басшысы болып, бірге қызмет еткен Сауытбек Абдрахманұлы көкеміз бір жиында: «Еркін жазуды бәрімізден де қатырып жазды, ал істің күрмеуін шешіп, қандай күрделі міндет жүктелсе де, табандылықпен дөңгелетіп әкетуде алдына жан салмайды. Оның тындырған шаруасының бірін де біз істей алмаймыз» деп ағынан жарылғаны бар.

Еркін Қыдыр «Егемен Қазақстан» республикалық газеті акционерлік қоғамының вице-президенті, басқарма төрағасының орынбасары қызметін атқарып жүргенде, әкімдіктен жерін арнайы сайлатып, газеттің редакциясына сегіз қабатты үлкен кеңсе тұрғызып еді. Бас ғимаратты басылымның 90 жылдық мерейтойы үстінде Н. Назарбаевтың өзі келіп ашқан болатын.

Ле-шала республикалық бюджеттен қаржы бөлірітіп, редакция маңынан тілші-қызметкерлерге екі блокдан тұратын «Егемен» деген тұрғын үй кешенін салдырып, бәріне бір-бір пәтердің кілтін ұстатқан. Оның сыртында жас отбасылар мен бойқаулар үшін екі жатақхана бой көтерді. Сол уақтарда «Егеменде» үйсіз жүрген бірде-бір адам қалмаған. Кеше ғана жұмысқа тұрған балаға дейін баспаналы болып еді. Соукең оның осы бір қиыннан қиынын тауып, шаруаның тігінін жақсыжып жіберетін еңбегін күйінен, көпшіліктің игілігі үшін шейкен мехнаттың ризашылықпен атаған еді.

Осыншама мадақты естіп тұрған Ерекеңнің өмір жолы бірыңғай тақтайдай даңғырап, сайрап жатпады. Әркімнің пешенесіне жазылатын өзіне тән соқпақ тағдырдың шұғылалы тұстарына да, көлеңкелі жақтарына да соқтырамы аян. Қиырғы мен шиыры мол сүрлеу жас жігіттің атының басын біраз жерге тіреді. Талайлар арман еткен, көптің ұысына түспеген Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітіріп, туған өңірі оңтүстікке маңдай шашы желбірей жетті. Қолында коммунистік партиясы Орталық комитетінің жолдамасы бар. Қаршадайынан қалам ұстап, журналист аты танылып қалған жігіт «қызмет дайын, шаруаны игеріп әкертмін» деп ойлаған. Өткен, қатыбас тағдыр Алланың бұйрығы болмаса, партия жолдамасына қарамайды екен. Облыстық газетте жас маманға орын жоқ болып шықты. Көңілі су сепкендей басылды. Тауыштық басылым деп, жанашырлар әрқилы ұсыныстар айтып бақты. Бірақ Ерекең олардың ақшын тыңдағанымен, өз бетінше төтеннен шешім қабылдап, Шымкент қорғасын зауытына келіп, қарапайым жұмысшы болып орналасты. Мектепте алтын медаль иегері атанғаны, КазГУ-ді бітіргені, жоғары білімді маман екені далада қалды. Мұндайды одан ешкім күтпеген еді. Бұл шаруаны табыны күректтей бес жыл оқып асаптағандай-ақ, талай азаматтар істеп жүр. Партия жолдамасы жайына қалды, жалынды ағамыз жастың жарқын болашағы көмескі тартқандай көрінді. Бірақ алған бетінен қайт-

ПАРАСАТ пен ПАРЫЗ

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕҢБЕК СІҢІРГЕН ҚАЙРАТКЕРІ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІ СЫЙЛЫҒЫНЫҢ ЛАУРЕАТЫ, «ASTANA AQSHAMY» ГАЗЕТІНІҢ БАС РЕДАКТОРЫ ЕРКІН ҚЫДЫР ТУРАЛЫ БІР ҮЗІК СЫР

пайтын жігіт аз күнгі сәтсіздікке мойымады. Табақтай дипломын бұлдап бәденбеді, қатардағы көп жұмысшының біріне айналып кете барды. Өйткені әлсіздер ғана ашуға ерік беретінін білді, қандай жағдайда да адам боп қалу әр кезде қиын екенін ұқты. Ең бастысы, кісілігін жоғалтпауды көкейіне мықтап түйді. Өзі қатарлы құрбыларымен қорғасынды қорытып, шақпақ қанттай қалыптарға мейімдікте құйып жатты. Күн артынан апта, апта соңынан ай жылжып, мимырт күндер ігерлей берді. Жас жігіттің болашағына балта шапқандай көрінген облыстық газеттегілер де алаңдап жүргендей. Қайтадан көктем келді, жаз шықты. Тағы да бір буын жас түлектер өмір жолдамасымен әлдебір жақтарға аттанып бара жатты. Сол кезде алақаны мүйізденіп, бұлшық еті білеудей боп ойнаған Ерекең сынаптай жылт-жылт еткен қорғасынды ұзын сапты қауғамен сапырып, қалыпқа құйып жүр еді. Әлдебір жақындарынан облыстық газетте редакторлық орын босағалы жатыр, соған сені редакциядағылар қолай көреді екен деген сөз естіді. Сол-ақ, жүрегі тайдай тулап, көңілі көк дөнендей есіп жөнелді. Расында да пешенесіне редакторлық қызмет бұйырыпты. Қуанышы қойнына сыймай, шығармашыл ұжымның ортасына топ етіп түсті. Күнде көз майын сарқа баспақханадан енді шыққан май-май сарғыш парақтарға талмай-танбай шұқшиды. Қызыл шимай қателерін түзеп, оқи берді. Қара бояуы суынсыз өтпейді. Өйткені Орталық партия комитетінің органы болып табылатын «СК»-ның корреспонденті, республикадан өңірге ұзақ мерзімге тұрақты жіберілген уәкіл сияқты. Астында «Волга» машина, обкомда жеке кабинет, «8»-діт бар телефон... Жас жігітке бұдан артық ештеңе қажет емес еді. Айтқандай, Шымкент қаласының төрінен төрт бөлмелі үй де тиді.



межелерге әкетіп бара жатты.

Республикадағы басты басылымның облыстағы меншікті тілшісінің дәрежесі облыстық идеология хатшысымен тең еді. Бірде-бір жиналыс оның қатысуынсыз өтпейді. Өйткені Орталық партия комитетінің органы болып табылатын «СК»-ның корреспонденті, республикадан өңірге ұзақ мерзімге тұрақты жіберілген уәкіл сияқты. Астында «Волга» машина, обкомда жеке кабинет, «8»-діт бар телефон... Жас жігітке бұдан артық ештеңе қажет емес еді. Айтқандай, Шымкент қаласының төрінен төрт бөлмелі үй де тиді.

Қызық та қауырты жұмыс енді басталды. Құлашты кеңге сермеп, алаңсыз қызметіне кірісті. Уақыт өте берді. Аттай алты жыл араға түсіп кеткенін еңбеккер Ерекең келесі бір ұсыныс жасалғанында барып екшеді. Бұл жолы оны министрің тапсыру бойынша «Егеменді Қазақстанның» бас редакторы Нұрлан Оразалин ағасы өзінше орынбасарлыққа шақырды. Сөйтіп, Ерекең орнығып қалған Оңтүстіктен Отанымыздың жүрегі Алматыға жаңа қызметке келе жатты. Шер-ағаның шекпенінен шыққан ол кейін «Егеменде» Әбіш Кекілбаев, Ержұман Смағұлұлы ағаларымен қоян-қолтық жұмыс істеді.

Осының бәрінде тындырымды жанның шығармашылық қабілеті мен табандылығы жатқаны аңдайсың. Мұндайда есіңе Шәкәрім шәйірдің мына сөздері оралады. «Ойыңа не бол – ой сөзіңе айналады, сөзіңе не бол – сөз ісіңе айналады, ісіңе не бол – іс әдетке айналады, әдетіңе не бол – әдет мінезге айналады, мінезіңе не бол – мінез тағдырыңды шешеді» деген екен данағой бабамыз.

Осы Ерекеңді тығырыққа тіреген тағдыр сілемдері оның байсалды да орнықты мінезінің алдында қайраны таусылған сияқты. Содан кейін жолын ашып, сара бағытына салғандай. Ақырында аңғарлы азамат «Егемен Қазақстан» республикалық газеті акционерлік қоғамының президенті, басқарма төрағалығына бекітілді. Бұл – әділетті ұйғарым еді. Сөйтіп, қазақ сөзінің қара шаңырағында табан аудармай 27 жыл қызмет еткен екен.

сыры тұңғық сырлар да ортаға түседі. Бүкілі қылаусыз ниетін көрсетіп қалғысы кеп, қаздай тізіліп отырады. Және кілең бір сайдың тасындай марқасқа жігіттер, көк-өрім гүлдей тербелген қыз-келіншектер. Осының өзі Ерекеңнің қара басының достарының арасында қандай екенін көрсетіп, сырт көзге мейлінше танытып кететін. Араларында ара-тура кеңкілдей күліп, кейде жылы жымынып қана қызмет жасап өзі жүреді.

Бұлардың бәрі жастық дәурені, студенттік ғұмырын бірге өткізген. Одан кейінгі уақытта да өмір баспалдақтарында биікке көтеріліп, самғауын да қуана қолдаған сырлғылар. Алыста жүрсе де, жақында жүрсе де бәрі Ерекеңді іздейтін, Ерекеңнің отбасында топтасатын. Оның шаңырағы курстастар ұйымының штаб-пәтері сияқты. Жайсаңдар бір-бірлеріне тілеулістіктен таңған жері жоқ. Осыны өкшелерін басып келе жатқан үзеңгілес іні ретінде сырттай бақылап, көңілім елжіреген қалпы сүйсіне қараймын.

Жолдастары Ерекеңнің азаматтығымен қатар талантын да қадір тұтады. Оның жазу мәнері өзгеше. Үнемі ізденіс үстінде. Оқудан, әлдене түртіп, қазаға түсіруден жалықпайды. Осы тірлігін көріп жүргендіктен, «ақылылар өмір бойы оқып, үйреніп өтеді, ақымақтар онсыз да біледі» деген сөз еріксіз жадыңа оралады. Ол сапырылған қым-қуыт тірліктің арасында жүрсе де, қалам тартуға да уақытын екшеп жеткізіпті. «Ұсақталма, Үкімет!», «Отырар», «Кәусар кез» деген кітаптарын қалың оқырманға ұсынып, олардың ықыласы мен алғысын да алды. Әдетте, басшылық қызметке жегіліп, оның ішінде редакцияның шығармашылық жұмысына араласа жүріп, жеке шығармаға мойын бұру өте қиын. Бірақ Ерекең бұл істің де ебін келтіріп, ессені жібере қоймаған.

Қажып, талмайтын еңбекорлығы, шаруаны ұйымдастыра білуі, жұртты игі іске жұмылдырып жіберуі бөлек. Осынымен ол тұтас елдің тілін тауып, көңілінен шығып келеді. Рас, бізден екі-үш жас үлкен азаматтардың буыны бекіп, балтыры тола бастаған уақыттары кеңестік кезеннің соңғы бір дәуреніне мандай алды нарықтық жүйе бұлдамай, адамның көңіліне қарап сөйлеп, қам жасайтынына ет-бауырың елжірейді. Сондай да пенде қалпында неге біз сонау бозбалалықтан жігіттікке енді бой ұрған жастықтың жай-ма-шұақ уақытында өмірді қатар өткізбедік екен деп ойлайсың. Ұстаң сусып шығып кеткен дүние орала ма?.. Сондықтан үзеңгілес ағаның қасында көбірек жүріп, жылылық пен бауырмалдықты сезінгің келеді.

Жайсаң жанның былайғы жұрттан оқшаулығы көп болады екен. Ерекеңнің туған күні де ерекше. Республикалық рәміздер күнімен дөп келеді. Сарыүрпек мамырдың шөптің басын шала бастайтын уағы 4-маусымды талай мәрте бірге қарсы алдық. Жыл сайын ол күн достар мен сыйлас жандардың ыстық ықыласына бөленіп өтеді.

Ат аяғы жетер жердегі курстастарының бәрі маңынан табылып, қайрандаған балықтай үйінде бықып жатады. Барлығы қатар өскен құрдастарына құрметпен қарап, жүректері жарып шыққан шынайы тілектерін жарыса ағытады. Асқақ арман да, биік мақсат та, дуалы бата да,

қуып, Алматыға келгенде танысып, оқуға қатар іліккен, кейін әйгілі 5-жатақханада тұрған жігіттердің бәрі бүгінде даңғайыр азаматтар. Атынан ат үркенді. Марқұм Алтынбек Сәрсенбаев, бүгінгі сенатор Нұртөре Жүсіп, Мәжіліс депутаты Дархан Мыңбай, «Қазақ газеттері» ЖШС Бас директоры Шәмшидин Пәттеев, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің оқытушысы, филология ғылымының кандидаты Айтмұхамбет Есдәулетов, үлкен бір мәдени орталықтың президенті Бейбіт Сапаралы, Ішкі істер саласының ардагері, полковник Әлімжан Жарылқағанов, мемлекеттік қызметші, парламент маманы Батырбек Садықанов, түстік пен теріскейде өңірлік телевизия басқарған, медианың қай бағыты болса да, майталман журналист Ғалым Омарханов, тағы сол сияқты сайдың тасындай атанжылықтықтары.

Міне, олардың курстары шетінен «сен тұр, мен атайын», оның үстіне марқұм Алтынбек барлығына үлгі бола білді. Кезінде Шәмші, Айтмұхамбет, Алтынбек, Дархан, Еркін бесеуі бір секцияда тұрған екен. Жақсының жаны көпшілікті өзіне тартып, үйіріп әкететіндігінен шығар, бұлар Алтынбек Сәрсенбайұлымен бірге оқығанынан бөлек, отбасымен біге араласқан досқа айналды. Жалпы Алтынбекке курстастарының бәрі туысқандай болып кеткен, соның ішінде ол Ерекеңмен тоңның ішкі бауындай араласып, ең жанына жақын тартқан адамы.

Екі мыңыншы жылдардың басында Ерекең Қабанбай батыр даңғылының бойынан пәтер алып, үй жабығының қамымен шапқылаумен жүрді. Бірде кешке жақын дүкеннен жатын бөлме жиһазын түсіріп, ішке кіргізерде Алтынбек досы жаңа қонысына «құтты болсын» айта келе қалыпты. Марқұм министр басыммен төсектің бір шетінен көтерісіп, баспалдақпен үшінші қабатқа беттейді. Төсекіңде өрге қарай қиялаға ілгерілегенде, Алтынбек «менің осы еңбегімді ақтап, Гауһар ұл табатын болсын» депті әзілге сүйей. Айтқандай, келесі жылы кенжелері Әлішер өмірге келді. Сол Әлішер қазір Еуропа жүрегі атанатын Чехияның астанасы Прага қаласында әлемдік рейтингте абыройлы оқу орнының бірінде бакалавриатта оқиды.

Қайран Алтекең дәурін теріс саларының алдында үш күн бұрын ғана досының үйіне ымырт жамылып кіріп, ұзақ байыздап отырып, аман-саулық сұрақаннан соң шығып кеткен екен. Қияметтік жанды енді қайта көрмейтінін қаперлемеген құрдасы қаралы хабар құлағына тигенде, шарасыздан мандай алды нарықтық жүйеге өткенге дейін шаруаға ілігіп, орнығып қалды. Болмашы ғана табанын тіреп үлгерген сәт, үлкен өмірде талпынып, жолын тануға септігін тигізді. Бірақ қысталаң шақты көрмей, шалқыған тірлік кешті десек жалған болар еді. Көппен қатар қиындықтарды көрді, ауыртып алынды да көтерді. Қақпақылда өздерін жоғалтпай, өрге жүзіп кете алды. Соның нәтижесінде үлкен жетістіктерге қол жеткізді. Сондай бақ пен дәулеттің үстінде мандай алдында жүргендердің бірі – Ерекең. Мамандығына сай мансабы да болды, еңбегі де жанды. Ақпарат саласында атқарған жұмыс жемісті қызметіне 1999 жылы Қазақстан Республикасы Президенті сыйлығының лауреаты атанды, келесі жылы Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері атағын алды. Қылыт-сылтың мінез байқатпады. Нәһінде, жал бітсе жалт ететіндердің қатарынан емес еді. Бойындағы әдептілік, орнықты мінез және адамшылық әрекеті ажарын әдемі етіп аша түсті.

Ерекеңнің ерекше мінездері көп, солардың ішінен айта жүруге лайықтысы – қолың ашықтығы әрі көпшілікті. Жүздесе қалсаң, бір дүниесін сыйлап жіберуге дайын тұрады. Қайда барсаң да, ең бірінші боп қалтасынан ақшасын шығарып, төлеп те үлгереді. Ондайда бой бермей қояды. Курстастарына, келімді-келімді кісінің бәріне ықылас танытып, қашан да дәм-тұзын ұсынып жүреді. Бірде жолыққан мысызда «Сенің бір кітабыңды шығарып берейін» деді. Мен жүзіне бұрылып қарадым. «Иә». Сөйтіп, қолжазбамды өзімше, электронды поштасына салып жібердім. Араны шамамен бір жарым айдай мерзім аралағанда, баспаның директоры хабарласып тұр.

Сөйтіп, Ерекең ағалық көңілімен «Ақтамақ қарлығаштар» деген кітабымды жеке өзінің қамқорлығымен бастырып шығарды. Қолыма жаңа кітабымды алғанда «ұсақ кісі тек пайданы ғана біледі, парасатты

адам парызды ойлайды» деген тәмсіл көкейімде тұрып алды. Ерекең ешқашан үлкендік, ағалық парызын ұмытқан емес. Адамның іс-әрекеті ғана оның жан дүниесі мен өзіне деген ниетін аңғартады.

Бірде әке-шешемізді алып, Отырар, Түркістан қалаларына қарай он шақты адам Әзіреті еліне зиярат ете шыққан едік. Оны естіп қалған Ерекең бізді қарсы алуға інілерін сайлап, бүкіл жол бағытын белгілеп, барлық мәдени шараларды алдын-ала ойластырып қойыпты. Марқұм Еркек бауырымыз (Ерекеңнің інісі) Түлкбас пен Шымкенттің ортасындағы Ақсукеңт тұсынан күтіп алды да, әрмен қарай жолды бастады. Шәуілдірде қара шаңыраққа келіп тұстік. Бірақ үлкен кісілер Астанаға сапарлап кетіпті де, олардың орнын жоқтатпау үшін әкейдің інісі Жақсылық көкеміз Шымкенттен ауылға арнайы келіп, күтіп жатыр екен. Мал сойылып, қазан асылған. Шапқылап қызмет етіп жүрген іні-келіндер. Ынтымағы жарасқан әулет.

Сол жолы туған ауылындағы «Отырар» мұражайын таңдай қаға тамашалап, Ерекеңнің кішкентайынан көргені мен көкейіне түйгені ұлт мұраты мен тарих жадысы екенін ұқтым. Оның жаны нәзік, тағамы биік. Үйіне барсаң, баурап әкететін картиналар галереясы бар. Әсемдігі мен айтар жайына бірнен бірі өтеді. Байқағаным, ол отандық суретшілердің шығармаларын кәсірлеп жинайды. Картиналардан өзге ұлттық бұйымдар көзге тап тастап, құлқыңды алады. Қылыш, найза, қалқан, қобыз, домбыра, айбалта... Үйінің өзі мұзейден кем емес. Сөйтсек, көз алдындағы Отырар мұражайы оның ішкі әлемі мен ішкі әлемді талғампаздығын әбден шегіне көтеріп жіберген екен.

Ерекеңнің ата-анасы Сағындық көкеміз бен Тазағұл анамыз өте бір мейірман әрі зиялы адамдар. Әкейдің оқығаны көп, мамандығы энергетик-инженер болғанымен өзі де жазуға құмар. «Өмір өткелдері» деген парасат пайымға толы бір кітабы жарыққа шыққан. Әлі бірнеше қолжазбалар суырмасында жатыр. Сөйлеп кетсе, әнгімесінің иірімімен баурап әкетеді. Білетіні өте мол, әрі жан-жақты. Ара-тұра астанаға келгенде, арнайы сәлем бере барып, әңгімесіне қанып қайтамыз. Сондайда «сен ана кітабыңда былай жазып едің» деп, өзіне қатысты жайларды да алдыңа көлденең тартады. Қарап отырмай, бәрін оқып отырады және кем-кетігін тап басып аңдайды. Мұндай жанашыр «редакторлардың» болғаны қандай жақсы, келесі жолы қалам алып, үстелге қонжиганда, ақсақалдың айтқаны жадында тұрады. Жазуға сергек



қарауға ұмтыласың, шалыс баспауға, аңдаусызда қиыс кетпеуге тырысасың.

Тазағұл анамыздың да мейіріміне шомып, мелдектеген мейіріне қанбай қалатынымыз бар. Жатсынуды білмейтін, бәрін өз баласындай көретін ғазиз жүректің жылуын қымай аттанасың. Ерекеңнің бетегеден биік, жусаннан аласа қалпымен, талай шаруаны ың-жыңсыз тындыратын нағыз істің адамы болып қалыптасуы өз жұрты мен нағашы жұртынан берілген мінез екені сөзсіз. Әсіресе шығармашылық жағына ауып кетуі нағашыларынан дарыған қасиет, қабілеті тәрізді. Қара сөзге қаймақ тұрғызған қазақтың қабырғалы ақыны Ғафу Қайырбеков пен халықаралық телевизия журналистикасына синтез жасаушы ғалым Марат Барманқұловтың өнегелері талашшыл жігітті бейжай қалдыра қоймаған. Бір аулаға қолдың сүтін әкеп сатушы өнімнің тазалығы жөнінде жұртқа «өзім – мал дәрігері, әйелім – адам дәрігері, енді не сұрайсыңдар?» депті. Сол айтқандай, Ерекеңнің нағашыларының кімдер екенін білгеннен кейін оның шығармашылық жолын таңдауына қатысты еш сауалымыз жоқ. Інісі Уәли де қанында бар істі көсібіне айналдырып, еліміздегі көнегі журналистердің белдісіне айналған. «Оңтүстік» телеарнасының тізгінін лайықты ұстап келеді. Ал оның баласы Ғафу Мәскеу мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітіріп, «Хабар» арнасында еңбек жолын бастап та кетті. Сөйтіп, Сағындық ақсақал әулеті журналистер өсіп шыққан династияға айналған.

Жігіттің бойындағы қасиетін жан-жақты қарастырғанда, «ұстазы кім екен?», «ұстазы бардың ұстамы бар» деген де нақыл көкейде тұрады. Ерекең өзі төбесіне көтеріп құрметтейтін басты ұстазының бірі, қазақтың

қара шаңырағы «Егеменде» алдың көріп, тәлім алған – Халық жазушысы, қазақтың Шерханы, алаштың абыз Әбіші, елдіктің Ержұманы. Осы ұлт тұлғаларына айналған азаматтардан ғибрат пен өнеге үйренген Ерекең салт-дәстүр мен құндылықтарымызды қастерлеген заманауи азамат. Қашан да қазақ мәдениетін әлем мәдениетімен салыстыра отырып, ерекшелігіміз бен басымдығымызды насихаттап келеді.

Бүгінде ол – байтақ астана-мыздың бас басшысы «Астана ақшамы» газетінің бас редакторы. Өткенде ғана Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаев қандай күнделікті басшыға назар аударып отыратынын айтқанда, ең бірінші аузына «Астана ақшамы» газеті ілінді. Қалалық телеарнаға қарайтын Республикасының Президенті оқитын басшылықпен жұртшылыққа ұсынылған «өнім» қоғам көкейіне қонып, жүрегіне жетіп жатыр деген сөз. Бұдан артық оның еңбегіне баға да қажеті жоқ шығар.

Ерекеңмен талай сапарлас болдық, бірге демалдық. Қандай жағдайда да өзінің парасат биігімен, қарапайымдылығымен баураған үстіне баурай береді. Гауһар жеңешеміз де Ерекеңді дәл тауып қосылған. Қыздай сызылып, жүзінен нұр шаша күлімдейді. Бір уақытта Ерекеңдер «Аймаң-Шолпан» деген көшеде тұрды. Дал жандарында «Гауһар ана» деген көше болды. Әлгі көшені «Гауһар жеңешелерінің құрметіне алып бергенді» деп қояды, қуақылана күліп. Оған жеңешеміз мәз. Берсе бергендей-ақ, жеңешеміз ұзақ жылдар ұт қазынасын түгендеп жинайтын мұражайда қызмет етіп келеді. Талғамы – биік, түйгені – терең, ұстағаны – халық құндылықтары.

Ерекеңмен замандас іні, үзеңгілес серігі ретінде қатар келе жатқанымды өмірдің маған

берген үлкен сыйы деп ойлаймын. Оның маңына топтасқан жақсылардың арасында мен де бармын деп мақтанышып айта аламын. Өмірдегі жүріп өткен жолы «журналист болсам» деген жастарға үлкен өнеге, мектеп.

Көне медина Отырардың төрінен шығып, Ақмоланың айдынын асыруға атсалысып жүрген аға азаматтың жасы 60-қа толғанында жақсылықтан басқа тілеріміз де, айтарымыз да жоқ. Алты Алаштың баласы ат басын тіреген байтақ астанада бағың жанып, дәуірің дүрілдей берсін демекпіз. Заманның албетіне қарап бір данышпан: «Бәрі өзгереді: бөгделер туғанындай болып, туғаның жатқа айналады» депті. Шынында да, нарық қағидасына құрылған қоғамда алым-берім алға озып, кейбіреулер үшін достар көлденең көк аттыдай бөгдеге, бір кездегі сүйгені әшейін танысындай ғана елеусізге айналғанын талай көрдік. Бірақ Алланың бізге берген несібесі төңірегіндегі дос-жарандарымыздан ешкім жүзін сыртқа салған жоқ. Заманына қарай адамы болғанымен, біздің Ерекең қазақы жадыдан жанығын емес. Біз де маңында аға сыйлаған ұғыммен тірлік кешіп келеміз.

Жалпы көкейге түйгенім: жарқын жандар бақыт алып келеді, жамандар өмірді тануға үйретеді, нашарлар сабақ болады, ал бекзат болмысты тектілер ғанибет естелік сыйлайды. Әрқайсының өзіне лайықты бағасы бар. Ерекең бізге өзінің өшкіме ұқсамайтын қалпымен бақыт алып келді, көңілімізге тек жақсы естеліктер қалдырды. Ол алпысында туған Отанына тамырын терең жіберіп, атажұрттай алысқа айналды. Жетпісінде жұрт іздеген жеруайыққа ұласатынына еш шүбәм жоқ.

Әділбек ЫБЫРАЙЫМҰЛЫ, жазушы

ЕЛОРДАДА – ЕСІМІ

ҰЛТЫН СҮЙГЕН ҚАЙРАТКЕР

Елордада ұзындығы бір шақырымнан асатын көшеге мемлекет және қоғам қайраткері Нұртас Оңдасынов есімі берілген.



Бұл ұзақ жылдары Үкіметті басқарып, республиканың экономикасын, ғылымы мен білімін дамытуға көп еңбек сіңірген, ақ-қараны анықтамай, талай қыршынды қынадай қырып кеткен 1938 жылдың жазында бар-жоғы 34 жаста жоғары қызметтің жауапкершілігін арқалаған қазақтың арда ұлының бірі еді. Осы қызметті Н.Д. Оңдасыновтан ұзақ атқарған тек жалғыз қайраткер Байкен Әшімов болды. Бірақ Әшімов үкімет басқарған жылдары – социализмнің шыңына жеткен кезеңі, содан кейін бәріміз күйеу қалдыра басталды. Ал Нұрекең үкімет басқарған жылдар – жүрегі «халық» деп қана соққан аяулы ағаларымыз қынадай қырылып біткен соғыс алдындағы алаңдаулы жылдар, елдің сіңірі созылып, жандаласып өмір сүрген, мыңдаған перзенттер қан майданда кескілесіп жатқан соғыс жылдары, тұралаған елді тамағын тойдырудың толғақты мәселелерін қалай шешудің жолдарын талмай іздестіру қажет болған жылдар еді. Оның үстіне, Н.Д. Оңдасынов үшін биік мансапқа дейінгі 34 жыл ғұмыр да оңай болмаған-ды. Жастайынан ата-анасынан айырылып, жетімдік қасіретін шегіп, буыны бекімей жатып, кірпіш зауытында қара жұмысшы болу, қиындықтарды еңсере жүріп, Ташкентте білім алу, республиканың орман шаруашылығында тынымсыз еңбек ету, Шығыс Қазақстан облысына басшылық еткен санаулы айлар – бір пенденің ғұмырына азық етпейтін үлкен мектеп, байыптай білгенге бай мектеп еді.

Нұртас Оңдасыновтың есімі Қазақстанның даму кезеңінен тығыз байланысты екені даусыз. Ол Абай атындағы Опера және балет театрының, Қыздар педагогикалық институтының құрылуына атсалысып, шаңырағын көтеріп, ұығын өз қолымен қадады. Бұдан басқа Қарағанды металлургиясын, Мойынты-Шу темір жолын, теріскейге темір жол тарту, еліміздің мұнай-газ саласын игеруге ұйытқы болды. Қазақ Ғылым академиясын құрып, оған президенттікке Қаныш Сәтбаевты сайлауы адам танытындығын аңғартады. Ол Үкімет басында отырған он үш жыл ішінде жоғарыдан – Мәскеуден түскен бұйрықты бұлжытпай орындайтын орындаушы қызметкер емес, халық мүдесі үшін небір ірі-ірі мәселелер мен бастамалар көтеріп, оны шеше алған қайраткер дәрежесіне көтерілді.

Нұртас Оңдасынов – кеңестік кезеңдегі И.В. Сталиннің заманында, Саяси бюроның басшылығымен, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшылары Н.А. Скворцовпен және Ж. Шаяхметовпен бірге істеген адам. Ол Жұмабай Шаяхметовпен бірге И.В. Сталиннің қабылдауында болған, жоғары деңгейдегі жиналыстарға қатысқан. Саяси бюро мүшелерінің көбінің қабылдауында болып, Қазақстанға қатысты мәселелерді шешкен. Солардың ішіндегі КСРО Министрлер кеңесінің төрағасы, өзінің тікелей бастығы В.М. Молотовпен, оның орын-басарлары А.И. Микоянмен, А.Н. Косыгинмен, Мемлекеттік Жоспарлау комитетінің басшысы К.Н. Байбаковпен жиі кездескен. Олардың басшылық биік қабілетін, жұмыс істеудегі әдіс-амалын көрген.

Бірақ, И.В. Сталиннен кейінгі кезеңде оның осынау қайраткерлігі Н.С. Хрущевке ұнамай, екеуі қызмет барысында жиі-жиі келіспеушілікке барыпты. Нәтижесінде, 1962 жылы Оңдасыновты Гурьев облысы басшылығынан 58 жасында кетіруге Н.С. Хрущев құпия тапсырма берген. Өйткені екеуі үш мәселеде келіспеушілікке ұласты. Ұлт қайраткері бірінші, тың игеруге, екінші, Оңтүстік Қазақстан аудандарын Өзбекстанға беруге және үшінші, Маңғыстау мұнайын игереміз дегенде, Хрущев Сібір мұнайын игереміз, Маңғыстау мұнайының қажеті жоқ деп айтысып қалған. Кеңестік қызыл империя басшысына пікірін ашық айтып, қарсы шыққаны үшін оның қырына іліккен. Бірақ, одан тайсақтап, кешірім сұрап ілмеген. Ұлттық мүддені қорғай білген азамат. Сол себепті, оны ертерек зейнеткерлікке шығартуға астыртын әрекет жасалған.

Нұртас Оңдасыновтың зейнеткерлікке шыққаннан кейінгі өмірі Мәскеуде өтті. Оны Мәскеуге отбасылық жағдайына байланысты көшті деп айтқандар да бар. Бұл жайттың түбіне тереңірек үйілесек, сол тұстағы биліктің Оңдасыновты зейнет жасына жетпей тұрып, қызметтен босатып қана қоймай, өз ортасына, өз пікірестерінен де алыстатуға барынша күш салғанын байқауға болады. Нұрекең 1962 жылы зейнеткерлікке шығып, Мәскеуде ғылыми жұмыспен айналысты. Арабша-қазақша, парсыша-қазақша түсіндірме сөздіктер жазды. Бұған қоса, КОКП Орталық комитетінің Марксизм-ленинизм институты жанындағы ардагер коммунистер Тарихи-әдеби бірлестігінің бюро мүшесі мен қазақ секциясының басшысы қызметтерін атқарды.

Екі рет «Еңбек Қызыл Ту», үш рет Ленин орденімен, көптеген медальдармен және Күрмет грамоталарымен марапатталған. Ол 1938 жылдан 1963 жылға дейін (25 жыл) Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты, ал 1940 жылдан 1958 жылға дейін (18 жыл) КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты болды. 26 жыл (1938-1964) Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің және 14 жыл (1938-1951, 1954-1955) оның бюро мүшесі болды.

Талғатбек ӘМИНОВ тарих ғылымдарының кандидаты, доцент

ӨМІРДІҢ БАЯНЫ БАР

Жазған-сызғаны елге елеулі, қаламдасқа қалаулы, оқырманға орайлы болған серіктесім – ЕРЕКЕ!

Сен, ең әуелі әулетіңе, отбасыңа, ағайын-туғанға, дос-жаранға, әріптеске, жүрегі мен жаны қазақ деп соққан баршаға құрметтің құрметтісің! Көп құндылықтар лайықты бағаланбай, адамшылық қамы кәт бола бастаған кезеңде қымбаттының қымбаттысы да – Өзің сыңды ер-азаматтың деп білеміз. Өйткені, ел таныған Еркін ҚЫДЫР – еркін ойдың иесі, айтары бар азамат, білімпаз, іскер, әділетті басшы.

Міне, өмір-өзенде ескеңді есіп, «алпыстың» желкенін сен де желбіретіп үлгердің, әрбір белестің, алған асудың өз тарихы болады. Оны өмірдің

баяны дейді. Туған күнді, яғни жаңа жасты атап өтетін жылдар ұзағынан сүйіндірсін! Зәу-затыңды таныған замандастарыңмен бірге жаса! Құрдастарың сір емесін, құттықтаушың да, қонағың да көп болсын! Қанатың еш талмасын!

Біз ерте де есеймедік, кешеге үлдеп қалған да жеріміз жоқ шығар. Кіндік кескеннен кездеспесек те, кісі танып, сәлем беретін сәуелді шағымыздан ыңқатасып келеміз.

Жасымызға сай табиғатымызды сақтауға, танымыз жетілдіруге тырыстық. Ортамыз орнықты, ойымыз орамды, қатарымыз қоғамшыл болып қалыптасты. Көрген-білген тәрбиеміз, жиган-терген біліміміз, Жаратқан иемізге тәуелді болмысымыз, қанмен берілген, сүтпен сіңген қадір-қасиетіміз осы жылдардағы сыйластығы-

мызды қыл өтпестей достыққа, айтқызыбай ұқтырар сырластыққа ұластырды. Шынның жүзін көрдік, жалған да сұлбасын жасыра алмады. Сына қақтырмай шыңдалуға бой үйреттік. Ойда ойқастаған неткен сайранды, небір ойранды бастан кешіп келеміз. Өзгелердей мансаптың соңына түссек, қашқан-қушқанды қуып жетіп, әуелеп ұшқанды да үйіріп алар едік. Біз мінез-құлқымызды өзгертпедік, қанағаттың қазығын уыстан шығармадық. Мың шүкірге татитын бір шүкірімізден жаңылмадық.

Мереің асқан жаста тілектен, тарту-таралғыдан кенде болмассың. Сонда да ақжарылап тілегімізді ақтардық. Ақ батасын өзіңнен аямаған үлкендер жағы, қазыналы қарттарың – ата-анаң ұзақ жасысын! Тәуір бауырларың – алтын қа-

мал-қорғаның әрдайым бекем болсын! Отбасыңа амандық тілейміз!

Еңбегіңді саудалап, сатсаң да, зейнетін теріп жатсаң да жарасатын кезеңде ұрпақ үшін, ел үшін айтарыңның салмағы бұрынғыдан да мол болсын, сүрер ғұмырдың сыры мен сыны кетпей, мәні арта берсін! Қаламыңның ұшы мұқалмасын, жарық көрер кітаптарыңның қалыңдығы да жұқармасын!

Жаратушы иеміз ниет пәктігін, пейіл кеңдігін, табыс көзін, сабыр байлығын берсін!

Алла тағала жақсы күндерде, мәртебелі мерейтойларда бірге болып, қуанышты бірге бөлісуді жазсын! Өткен дәуірдің, алдағы өмірдің баяны таусылмасын!

Дархан МЫҢБАЙ Мәжіліс депутаты

СУДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК САҚТАЛА МА?

Күн ысып, су жағасына сая іздеушілердің саны артты. Шілденің шіліңгір ыстығында көпшілік өзен-көлді жағалайтыны анық. Алайда шомылу орындарының барлығы қауіпсіз деуге болмайды. Қауіпсіздік ережелерін қаперіне ілмейтіндер де бар. Қала, ауданды алмағанда, сырт жақта суға түсіп, демалып жүргендерді қадағалап жүрген құтқарушыларды да көре бермейміз.

Статистикаға көз жүгіртсек, әлемде жыл сайын 250-300 мың адам судан ажал құшады. Елімізде де суға батып кеткендер аз емес. Мәселен, шомылу маусымы басталғаннан бері Қазақстанның су айдындарында 36 адам суға батып кетті, оның 19-ы балалар. Ал Нұр-Сұлтан қаласында 10 адам тілсіз жаудан көз жұмды. Оның үшеуі – балалар.

Әрине, оқыс оқиғалардың барлығы қарапайым ережелерді сақтамағандықтан туындайды. Немқұрайлық пен салғырттықтың салдары қайғылы жағдайларға әкеліп соқтыратыны анық. Елордадағы орталық жағажайдың құтқарушылары да жағажайға келген қала тұрғындары тиісті белгілерге құлақ



тіні жөнінде барлық ақпарат беріледі. Мұндай жұмыстар жаз маусымы аяқталғанша жалғасады. Сонымен қатар, «Балалар жылында» балаларға ерекше

Дегенмен, елордалықтардың орталық жағажайда қарасы сирек. Оның себебі де айқын. Қала тұрғыны Эльмира Жүністің айтуынша, қаладағы орталық жағажай тиімсіз орын. «Өз басым қалада шомыла бермеймін. Есіл өзені суының жағдайы айтпаса да белгілі. Отбасымызбен әдетте Алакөл, Балқаш сияқты тазалау, әрі қауіпсіз жерлерге барғанды жөн санаймыз» – дейді ол.

Есілдің суы жиі жаңартылмайтын ескерген жөн. Осыған байланысты вирустық және паразиттік ауруларды жұқтыру қаупі жоғары. Сондай-ақ, қала сыртындағы су айдындарында қаңғыбас иттер мен құстар шомылады, олар өз кезегінде әртүрлі инфекциялардың қоздырғышы болуы мүмкін. Оның үстіне, жоғары ауа температурасында судағы микроорганизмдер тез көбейеді. Сондықтан лас суда шомылу өткір ішек инфекциясына не конъюнктивитке де әкеліп соқтыруы мүмкін.

Қауіпсіздік ережелері демекші, әрбіріміз қауіпті жағдайларда



аса бермейтінін, белгіленген аймақтан асып шомылтатынын, қауіпті орындарда шомылуға әуес екенін баса айтады. Сондай-ақ қайғылы оқиғалардың қайталануына жағажайларда алкоғольді ішімдік ішу, өз күшін бағаламау және ата-аналардың балаларын қараусыз қалдыруы себеп болады.

Нұр-Сұлтан қаласы жедел құтқару жасағы басшысының орынбасары Жанат Камерденов бас қалада суға шомылуға рұқсат етілген үш аумақ бар екенін айтады. Олар: «Сарыарқа» ауданы бойынша «Үш мөңке» демалыс аймағы, «Алматы» ауданы бойынша Күйгенжар тұрғын алабындағы «Астаналық аула» демалыс аймағы және «Есіл» ауданындағы «Астаналық» саябағындағы орталық жағажай.

Жанат Камерденовтің айтуынша, шомылу маусымы басталғалы бері түсіндіру жұмыстары мен арнайы іс-шаралар өткізіліп келеді. «Суға түспе рұқсат етілмеген жерлерде тиісті белгілер және ақпараттық стендтер қойылған. Одан бөлек департаменттің күш құралдарымен күн сайын патрульдік жұмыстар жүргізіледі. Жұмыс барысында сол жерлерде халыққа қауіпсіздік ережелері таныстырылады. Сол учаскелерде суға шомылуға рұқсат етілмей-

назар аудару керек. Қауіптің алдын алу мақсатында қазіргі таңда біз «Құтқарушы» спорт кешенінде әр сенбі сайын жүзу сабақтарын өткіземіз», – деді Ж. Камерденов. Сондай-ақ, төтенше жағдайлар кезінде жедел көмек көрсету үшін сүнгүйір топ-



тың бір уақытта әрекет етуіне ыңғайластырылған автомобиль, жеке құрамның бөлімшесі, құтқару шлопқалары, үрлемелі моторлы құтқару қайықтары, құтқару катерлері мен мотоқайықтар, резервтік бөлімше күн сайын сақадай сай тұрады.

Бұдан бөлек, қазір Төтенше жағдайлар департаменті әкімдікпен бірлесіп, суға шомылуға рұқсат етілетін 20 аймақты айқындау мәселесін талқылауда.

не істеу керектігін білгеніміз абзал. Атап айтқанда, ең әуелі суға шомылатын жерді, судың тазалығын, тереңдігін мұқият тексеріп алыңыз. Тамақ ішкеннен кейін бірден шомылмаңыз. Суға тек қана рұқсат етілген жерлер мен жағажайларда шомылыңыз. Өте ұзақ шомылмаңыз, өзіңізді шаршауға және тоңып қалтырауға дейін жеткізбеңіз. Қоршау белгілерінен тысқары аумаққа шықпаңыз. Келе жатқан катерлерге жақындап жүзбеңіз. Оларда ескіш винтпен тартып әкететін ағас бар. Онымен қоса, суда аяқ қолды ұстап, қимылды тежейтін ойындар ойнауға болмайды

Қауіп қашан да аяқ астында. Ал кез келген апатты жағдайдың алдын сақтық шараларын қатаң түрде ескеру арқылы алуға болады. Сондықтан суға барсақ, сақ болайық. Сақтанғанды құдай да сақтайды.

Индира БЕРЖАНОВА
Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің студенті



Өткен ғасырдың отыз жетінші жылы қазақ халқы үшін қаралы жыл болғанын бәріміз білеміз. Ұлтымыздың бетке шығар қаймақтарын, зиялы қауымын «халық жауы» деген желеумен көпшілігін атты, біразын ит жеккенге ұзақ жылға айдап жіберді.

ЕЛІНІҢ ҚАМЫН ОЙЛАҒАН БАСШЫ ЕДІ



Кейбір жерлерде саясаттан хабары жоқ, сауатсыздар да халық жауы болып кете барды. Ондай жағдай менің өкпеімнің ағасымен де болды. Сауатсыз, кішкентай қазақ ауылында тұрып жатқан Жексембай ақсақалды «халық жауы» деп соттап жіберді. Содан хабарсыз кетті. Атамыздың қай жерде, қандай жағдайда шейіт болғанын жақындары да, жетім қалған төрт баласы да білмейді. Осындай жағдай әр ауылда болды. Менің топшылауымша, Шалқар ауылы да шет қалған жоқ шығар. Бұл нәубеттен аман болғандар ауыр кезеңдерді бастан кешіп жатты.

Менің кейіпкерім Қамиев Сайлаубек Серікұлы (суретте) осы ауыр жылы дүниесігін ашыпты. Атасы Қами ақсақал мен әжесі Зейнеп шешей жалғыз ұлдары Серіктен туған баланы бауырларына басып алады. Бұл дәстүр біздің ұлтымызда ертеде бар. Баласының тұңғыш ұлын ата-әжесі өз бауырларына алып, әке-шешесі ағасы мен жеңгесі сияқты болып қалады. Бұл дәстүрдің жақсы жағы да, нашар жағы да бар. Оны ширатып таратпай-ақ қояйық.

Сайлаубек Серікұлы тоғызыншы қарашада, Қазан төңкерісінің он жылдығын тойлап жатқанда туыпты, есімін де Жоғары Кеңестің сайлауы қарсаңында туғандықтан ырымдап, Сайлаубек деп қойыпты. Ата-әжесінің қамқорлығында болса да, бала Сайлаубектің балалық шағы болған жоқ десем, қателеспейтін шығармын. Соғыс басталғанда, төрт жасқа да толмаған Сайлаубек әкесі Серікті майданға шығарып салады. Еңбекке жарамды еркектердің бәрі жауға қарсы соғысуға әскер қатарына алынды. Елде егде тартқандар, әйелдер, мүгедектер және балалар ғана қалды. Майданды азық-түлікпен қамтамасыз ету, ауылдағы халықты аш қылмау жоғарыда айтқандардың мойнында болды. Жұмысшы күші жетпегендіктен, жас балалар да еңбек етуге тартылды. Солардың қатарында Сайлаубек те болды. Алғашқы кішкентай кезінде қозы, бұзау бақса, есейе келе шөп дайындауға, астықты егіп, орып алу жұмыстарының бел ортасында жүрді. Осылай еңбек етіп жүрген Сайлаубектің мектепке баратын жасы да келіп қалды. Ол кезде Кеңес әскерлері қарқынды шабуылмен неміс фашистерін елден ығыстырып, жеңіс жолында келе жатқан еді. Елге қара қағаздар да келіп, біразы жылап-сықтап жатты. Кейбір Отан қорғауға кеткендер мүгедек болып елге оралып, бейбіт өмірге араласып жатты.

Солардың қатарында ауыр жарақат алған Серік Қамиев те болды. Серік пен Рабиғаны Оразқасп ауылындағы мектепке ұстап етіп жіберді. Сайлаубек жеті жасқа толғанда, осы мектептің табалдырығын аттады. Осылай білім жолының қиын да, қызықты жолы басталды. Орта мектепті 1954 жылы Ақмола қаласындағы №2 Сталин атындағы мектептен бітірді. Сол жылы Қарағандыда жаңадан

қаңқаларын халыққа ұсынды. Осыдан барып көптеген ауыл шаруашылығы құрылымдары құрдымға кетті. Елінің, халқының қамын ойлаған басшылар ғана шаруашылықты таратпай, оның өмір сүруін қиын болса да, сақтап қалуға тырысты. Ауыл шаруашылығында қайта құрулар басталуына байланысты «Нововладимировка» шаруашылығы әуелі АҚ, кейіннен ЖШС болып өзгерді. Осындай өзгерісті кезеңде шаруашылықтың іргесі сөгілмей, тұтастығын сақтап қалу және ұжымды ыдыратпай барлық еңбеккерлердің, тұрғындардың әлеуметтік жағдайын жасау Сайлаубек Серікұлының іскерлігінің, ұйымдастыру қабілетінің нәтижесі болды. Олимпиада алғашқыда ауылда мұғалім болды, кеңшарда механик қызметін атқарды. Қосымша мамандық алуға тура келді. Целиноград ауыл шаруашылығы институтының мехфакультетін бітіріп алды.

Сөздің реті келгенде айта кетейін, жас айырмашылығымыз екі жас қана болса да, жолымыз бірнеше рет қиылысыпты. 1954 жылы мен де №2 Сталин атындағы мектепте оқыдым, 1956-1961 жылдары Қарағанды қаласында пединституттың студенті болдым. Бір уақытта бір облыстың аумағында ұстаздық қызметін атқарыпшы. Мен де алпысыншы жылдардың басында Целиноград ауыл шаруашылығы институтының мехфакультетінің студенті болдым, бірақ аяқтаған жоқпын. Сәкеннің (Сайлаубек) еңбек жолы әр жерде жалғаса берді. Бұл кісі ауыл шаруашылығына бар ғұмырын арнады. Талдасай кеңшарында, Оңтүстік қой совхоздары тресінде, Нововладимировкада бас инженер қызметтерін атқарды. Тәжірибелі басшы ретінде Вишнев аудандық партия комитеті Херсон мал бордаққалау кеңшары басқаруды сеніп тапсырды. Екі жылдан кейін аудандық мамандандырылған шаруашылық (РСХО) құрылып, соны басқаруға Сайлаубек Қамиев лайықты деп табылды. Бұл шаруашылықты қызмет істеген жылдары шаруашылық зор табыстарға жетіп, талай рет Одақ көлемінде құрметке ие болды. Кеңес одағы тұсында екі дүркін Орталық комитеттің Құрмет грамотасын және бағалы сыйлығын алды. Бірнеше рет ауыспалы Қызыл тудың иесі болды. Осы еңбегі үшін Үкімет «Халықтар достығы», «Құрмет» ордендерімен марапаттады. Бұдан басқа да облыстық, аудандық марапаттарға ие болды.

Қай басшы болса да, өзінің өнерін қоғам бір формациядан екінші формацияға өткенде көрсете алады. Кеңес Одағы құлағаннан кейін біздің елімізде ауыл шаруашылығы да құлады деуімізге болады. Олай дейтінім, әр ауданда бірең-сараң шаруашылықтар өз кейіпін сақтап қалды. Көптеген шаруашылық басшылары приватизацияны прихватизацияға айналдырып жіберді. Барлық тәуірлерін өздеріне алып, техниканың жарамсыз

жаса берсең, бір кішігірім кітап болар, ол кісіге бір мақаланың көлемі аз. Менің кейіпкерім сексен бес жас ғұмырында өшпестей із қалдырды деп ойлаймын. Ал осыны келесі ұрпақ қалай біледі деген сұрақ туады. Біздің байқауымызша, осындай халқы үшін ұзақ жыл қызмет атқарғандардың кейбіреулері жылдар өте келе ұмытыла бастайды. Менің ойымша, әрбір ауылдың мәдениет үйінде немесе мектебінде ауыл тарихы туралы музейлер ашу қажет. Сол музейде Сайлаубек ақсақал сияқты отыз жыл халқы үшін еңбек еткен азаматтарға бұрыш арнау керек. Мүмкін болса, бюстің қою керек. Сол ауылдың орталық көшесіне немесе мектеп сияқты мекемелердің біріне есімін берген дұрыс болар еді. Сәкеннің жатқан жері жайлы, тәни рахатта болсын демекпін. Елінің қамын ойлаған азаматты жерлерестері ұмытпайды және ұрпаққа үлгі тұтады деп ойлаймын.

Сәкеннің атқарған істерін жаза берсең, бір кішігірім кітап болар, ол кісіге бір мақаланың көлемі аз. Менің кейіпкерім сексен бес жас ғұмырында өшпестей із қалдырды деп ойлаймын. Ал осыны келесі ұрпақ қалай біледі деген сұрақ туады. Біздің байқауымызша, осындай халқы үшін ұзақ жыл қызмет атқарғандардың кейбіреулері жылдар өте келе ұмытыла бастайды. Менің ойымша, әрбір ауылдың мәдениет үйінде немесе мектебінде ауыл тарихы туралы музейлер ашу қажет. Сол музейде Сайлаубек ақсақал сияқты отыз жыл халқы үшін еңбек еткен азаматтарға бұрыш арнау керек. Мүмкін болса, бюстің қою керек. Сол ауылдың орталық көшесіне немесе мектеп сияқты мекемелердің біріне есімін берген дұрыс болар еді. Сәкеннің жатқан жері жайлы, тәни рахатта болсын демекпін. Елінің қамын ойлаған азаматты жерлерестері ұмытпайды және ұрпаққа үлгі тұтады деп ойлаймын.

Қай басшы болса да, өзінің өнерін қоғам бір формациядан екінші формацияға өткенде көрсете алады. Кеңес Одағы құлағаннан кейін біздің елімізде ауыл шаруашылығы да құлады деуімізге болады. Олай дейтінім, әр ауданда бірең-сараң шаруашылықтар өз кейіпін сақтап қалды. Көптеген шаруашылық басшылары приватизацияны прихватизацияға айналдырып жіберді. Барлық тәуірлерін өздеріне алып, техниканың жарамсыз

Еркін ДӘУЕШҰЛЫ
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының ұжымы мен Прокуратура ардагерлері қоғамдық бірлестіктерінің республикалық одағы, прокуратураның құрметті ардагері, 3-сыныпты мемлекеттік әділет кеңесшісі

Әбдіқадыр Ибенұлы Нұрмағамбетовтің қайтыс болуына байланысты марқамның туған-туыстары мен жақындарына қайғырып көңіл айтады.

Аманғали
ҚАЛЖАНОВ

ТӨЛЕБАЕВ ТӘЛІМІ

Еркеғали Рахмадиевтің балалық шағы Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарына дөп келді. Бұғанасы қатпай жатып, ауыр жұмысқа жегілген ол 1944 жылы «Ерен еңбегі үшін» медалмен марапатталды. Бұл өміріндегі алғашқы марапаты еді. Ал өнер әке қанымен бойына дарыды. «Қыз Жібек», «Қобыланды», «Алпамыс» сияқты қисса, дастандарды әртүрлі мақаммен жырлайтын әкесі Рахмади «бір өзі – бір театр» еді. Композитордың кейіннен «Алпамыс» операсын жазуына осы жағдай әсерін тигізген болуы керек.

Еркеғали Рахмадиев жасөспірім шағында КСРО халық әртісі, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Мұқан Төлебаевтың қазақ опера өнеріндегі шоқтығы биік «Біржан-Сара» операсының дүниеге келуіне куә болды. Оның себебі, қос композитордың ауылдары көршілес еді. Еркеғали оқыған мектептің директоры бір күні оны бір топ өзі сияқты оқушымен көрші ауылға пиано алып келуге жұмсады. Дәл осы музыкалық аспаппен елге біршама уақытқа оралған Мұқан Төлебаев «Біржан-Сараның» алғашқы ноталарын түсірді. Ол өуендерді естіп жүрген оқушы Еркеғали опера өнеріне сол кезде бойлай бастаған сияқты. Кейіннен музыканың осы күрделі жанрында «Қамар сұлу», «Қыр шұғыласы», «Алпамыс», «Тың тынысы», «Қайран Майра» және «Абылай хан» операларын жазды.

ХАМИДИДІҢ БАҒЫТЫ

Кеңес заманында ел арасынан таланттарды іздеу секілді жақсы дәстүр болатын. 1948 жылы Еркеғалидың ауылына сондай мақсатпен келген Бекен Жылысбаев пен Нұргиса Тілендиев оны Алматының П. Чайковский атындағы музыкалық училищеге алып кетті. «Еркеғали музыка училищесіне домбыра мамандығында оқи жүріп, өз бетімен алғашқы әндерін шығарды. Оның алғашқы әндерімен танысқан белгілі композитор Латиф Хамиди Еркеғалидың бойындағы композиторлық қасиетін бірден байқап, түбінде осы мамандықты игеруіне жол сілтеді» деп жазған еді «Талант мерейі» атты мақаласында КСРО халық әртісі Сыдық Мұхамеджанов.

Осыдан кейін Еркеғали Рахмадиев Құрманғазы атындағы Алматы Мемлекеттік консерваториясында Евгений Брусиловскийдің шеберханасында оқыды. Бір жыл Мәскеуде КСРО Композиторлар одағы жанындағы біліктілікті арттыру курстарында білімін шыңдады. Одан соң Қазақ мемлекеттік филармониясының көркемдік жетекшісі, Мәдениет министрлігінің өнер істері басқармасының басшысы, Абай атындағы Мемлекеттік академиялық опера және балет театрының директоры қызметтерін атқарды. Бірнеше рет Қаз КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланды. КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты болды.



ҚОБЫЗДЫ ЖАҢҒЫРТҚАН КОМПОЗИТОР

КСРО халық әртісі, Қаз КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстанның Еңбек Ері Еркеғали Рахмадиевтің 90 жылдығына арналған шаралардың ел бойынша өтіп жатқанына екі жылға жуықтады. Аса көрнекті композитор өмірінің соңғы жылдарын елордада өткізді. Осы уақытқа дейін бас қалада оның есімін елдің есіңде мәңгі қалдыру мақсатында бірқатар істер қолға алынып, жүзеге асырылды. Атап айтқанда, тұрған үйіне ескерткіш-тақта орнатылды. Қаладағы Мемлекеттік академиялық филармонияға, Қазақ ұлттық өнер университетінің үлкен залына, Есіл ауданындағы бір көшеге аты берілді. Бәрі лайықты. Елдің музыка өнерінде ғана емес, біртұтас мәдениетінде өшпес із қалдырып, өрлеуіне өлшеусіз үлес қосқан тұғырлы тұлға нақты 1930 жылы туса, құжатында туған жылы 1932 деп жазылған. Соған сәйкес 1-тамыз күні туғанына 90 жыл толады. Осыған орай жарқын бейнесін, шығармашылық мұрасын, елге сіңірген еңбегін еске алуды парызымыз санадық.

РЕКТОР РАХМАДИЕВТІҢ ІСТЕРІ

1967 жылы өзі оқыған Құрманғазы атындағы Алматы Мемлекеттік консерваториясының ректоры қызметіне тағайындалды. Сол жылдары ұлттық өнердің өрлеуіне, төл музыкалық аспаптарымыздың жаңғыруына бар күшін салды. Мәселен, ұмытылуға айналған қобызды жаңғыртып, оның консерваторияда оқытылуына жағдай жасады. Сол үшін Жаппас Қаламбаевты алдырып, қобыз сыныбын ашқызы. Оған бастапқыда алты бала қабылданды. Соның бірі – белгілі қобызшы, ұстаз Базархан Қосбасаров.

Қобыз сыныбында кейіннен Қорғалжыннан шақырылған Дәулет Мықтыбаев және Жаңарқадан алдырылған Сматай Үмбетбаев сабақ берді. Еркеғали Рахмадиев сол үшін Сматайға үш бөлмелі пәтер бергізді. Осының арқасында бұл төл аспабымыз бүгінгі күнге жетіп отыр.

Сол жылдары консерваторияда домбыра, қобыз, сырнай аспаптарымен төл шығармаларымызды орындауды оқытатын «Дәстүрлі музыка» кафедрасы ашылды. Сол үшін ректор жан-жақтан осы аспаптарды меңгерген адамдарды Алматыға алдырды. Ол кейбіреулерге ұнамай, ректордың үстінен арыздар борады. Жоғарыға

берген есебінде Еркеғали Рахмадиев: «Біз орыстан үйренген адамдармыз. Бала-арқадан отқа жақсаңыздар, біз домбыра, қобыздымызды бірдеңе қылармыз» деп сөз тауып кетті.

Ректор Рахмадиев музыкалық мектептер мен училищелердің, консерваторияның дарынды түлектерін Мәскеу мен Ленинградқа білімдерін жетілдіруге жіберуді жыл сайынғы дәстүрге айналдырды. Соның бірі бүгінгі белгілі әнші, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, өнертану профессоры Кенжеғали Мыржықбай ректордың жолдамасымен 1976 жылы Ленинградқа барып, оқып келді.



Радион Щедриннің «Еркеғали Рахмадиев – өз ұлтының мәдениетіне тамырымен байланған композитор» деуі тегін емес

ТҰҢҒЫШ МӘДЕНИЕТ МИНИСТРІ

Еркеғали Рахмадиев ширек ғасырдан астам уақыт, нақты айтқанда 27 жыл ҚазКСР Композиторлар одағының төрағасы болды. Сол жылдары композиторларға алаңсыз жұмыс істеуге жағдай жасады. Атап айтқанда, Алматыда төрт қабатты ғимараттың бой көтеруіне мұрындық болды. Жас композиторлардың баспаналы болуына ықпал етті. Жылт еткен таланттарға бағыт-бағдар беріп, ақылын айтып отырған.

Тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Мәдениет министрі де – Еркеғали Рахмадиев. Сол қиын жылдары Елбасы оның қолына осы қызметті сеніп тапсырды. Министр мәдениет қызметкерлерінің тұрмысын жақсарту үшін аянбады. Мәселен, қызметке тағайындала салысымен бірнеше есе жалақыларын көтерді. Бірқатар өнер ұжымын жабылудан сақтап қалды. Гастрольдерге шығуға жағдай жасады.

МУЗЫКАЛЫҚ МҰРАСЫ

Еркеғали Рахмадиевтің музыкалық мұрасы сан алуан жанрды қамтиды. Шығармашылық қоржынында әндер мен романстар, оркестр мен хорларға арналған және камералық-аспаптық музыка бар. Соның ішінде «Айастан», «Құдаша-Думан» симфониялық күйлерінің шоқтығы биік. «Таң самалы» атты өні ХХ ғасырдың үздік туындысы болып танылды.

Композитордың өнері елде ғана емес, шетелдерде жоғары бағаланды. КСРО халық әртісі, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Радион Щедриннің «Еркеғали Рахмадиев – өз ұлтының мәдениетіне тамырымен байланған композитор» деуі тегін емес. 1962 жылы бүкілөдақтық жас композиторлар байқауында «Балқаштағы кеш» атты хорға арналған шығармасы бірінші орынды жеңіп алды. Сол уақытта жас композитор ретінде аты бүкіл Кеңес Одағына жайылды. Ал «Дайрабай» симфониялық күйі 1973 жылы ІІІ халықаралық Азия мемлекеттері трибунасында бірінші орынды иеленіп, дүние жүзі радиостанцияларының бәрінде орындалуға жолдама алды. Сол жылы «Құдаша-Думан» күйін Лондондағы ВВС радиосының симфониялық оркестрі орындады. Бұл сол уақыттағы үлкен оқиға еді.

Еркеғали Рахмадиев 20-дан астам спектакль мен көркем фильмдерге музыка жазды. Соның ішінде «Атаманның ақыры», «Транссібір экспрессі» секілді танымал фильмдер бар.

«КӘУСАРДАҒЫ» СОҢҒЫ КЕЗДЕСУ

Аса көрнекті композитор елордаға Елбасының арнайы шақыруымен көшіп келді. К.Байсейітова атындағы опера және балет театрында кеңесші болып, бас қалада опера өнерінің қалыптасуына үлкен үлес қосты. Қазақ ұлттық өнер университетінің студенттері мен аспиранттарына композициядан сабақ берді. Әттең, «Астана Опера» театрының ашылуын көре алмай кетті. Осы өнер ошағы 2013 жылдың маусымында ашылса, Еркеғали Рахмадиев сол жылдың сәуірінде өмірден озып кетті. Бірақ өткен жылдың соңында осы театрда «Алпамыс» операсы арада қаншама жылдар өткенде жаңаша жаңғырды.

Тұғырлы тұлға жер бетінде өзіне жүктелген міндеттерді толығымен орындады. Еркеғали Рахмадиев Қаз КСР Композиторлар одағының төрағасы кезінде Мәскеуге көшіп кеткен Евгений Брусиловскийдің жерлеу рәсімін ұйымдастырды. Оның себебі Мәскеу «Брусиловский – қазақтік композиторы, өздерің жерлендер» деп тұрып алды. Соны Қазақстанның Композиторлар одағына атқарып шығуға тура келді. Сөйтіп Рахмадиев ұстазының алдында да парызын орындады. Бұл туралы композитор кезінде «Үзеңгі жолда» бағдарламасында берген сұхбатында айтты.

Еркеғали Рахмадиевтің шәкірттері де шамалары келгенше ұстаз алдында парыздарын орындап жатыр. Бірнеше жыл бұрын Раиса Мұсақожаева, Азамат Жылтыркөзов, Айсүлу Тани сынды шәкірттерінің бастамасымен Еркеғали Рахмадиев атындағы қоғамдық қор құрылды. Композитордың өнердегі жолын жалғасқан ұрпақтары да бар. Қызы Найля – музыкант, опера режиссері.

Еркеғали Рахмадиевтің есімі елордада ғана емес, өңірлерде және шетелдерде де насихатталып жатыр. Алматы қаласында ұстаз алдында көше беріліп, тұрған үйіне ескерткіш-тақта орнатылды. Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының орган залы, Қарағандының Қ.Байжанов атындағы концерттік бірлестіктің симфониялық оркестрі оның атымен аталды. ТҰРКСОЙ ұйымының Түркиядағы Қазақстанның шығармашылық үйі де Еркеғали Рахмадиевтің аты иеленген.

Композитордың халықпен соңғы жүздесуі Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті жанындағы «Кәусар» мәдени-танымдық бірлестігінде өтті. Кездесуді жүргізген осы бірлестік жетекшісі, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, өнертану профессоры Кенжеғали Мыржықбай Еркеғали Рахмадиевтің өмірі мен шығармашылығы, қызметінен жақсы-жақсы мәліметтерді келтірді. Соның кейбірін осы мақалаға пайдаландық. Тамаша саз-сұхбатқа айналған сол кездесуден көп ұзамай композитор өмірден өтіп кетті. Бірақ жарқын бейнесі жұрттың жадында, шығармашылық мұрасы да орындалып жатыр. «Алпамыстан» кейін басқа опералары да жаңғыру керек деп есептейміз. Оның да кезегі келер...



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор –
Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактордың міндетін уақытша атқарушы –
Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Шеф-редактор –
Төлен ТІЛЕУБАЙ

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қағталды.

Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №89

Баспахана: Нұр-Сұлтан қаласы, Бейбітшілік көшесі, 8, 5-кеңсе «КОМЕК ИНВ» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК astana.aqsham@gmail.com

Қабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 42-43-81 Тілшілер бөлімі: 42-41-03 Жарнама: 42-43-52 Va-tekla@mail.ru

astana.akshamy@mail.ru

Кезекші редактор – Райхан РАХМЕТОВА